

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 маусымдағы N 541 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесі жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қаржы орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні ақшалай нысанда орындалуды көздейтін білім беру кредиттері бойынша кепілдіктер беру болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.25 N 389 Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджет қаражатының есебінен Қоғамның жарғылық капиталын 600000000 (алты жүз миллион) теңге мөлшерінде қалыптастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітуді және оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне беруді;

3) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-64-жолмен толықтырылсын:

"21-64. "Қаржы орталығы" АҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 222-31-жолмен толықтырылсын:

"222-31. "Қаржы орталығы" АҚ";

3) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі